

Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің жиынтық ведомосы (тізілімі) нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 10 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 2 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2690. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 645 бұйрығымен.(V043328)

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер" Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің жиынтық ведомосының (тізілімінің) нысаны (337.00-нысан) бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер жасайтын жиынтық ведомосы (тізілімі) нысанын толтыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 243 бұйрығының (тіркеу N 1794) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Әдістеме басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген сәтінен күшіне енеді және 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға таралады.

Төраға

Келісілді

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің м.а.

2004 жылғы 10 қаңтар

Қазақстан Республикасында
тіркелген дипломатиялық
және оларға теңестірілген
өкілдіктердің жиынтық
ведомосына (тізіліміне)
қосымша

Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер жасайтын жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) толтыру

Е р е ж е л е р і

(337.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің (бұдан әрі - Өкілдіктер) жиынтық ведомосы (тізілімі) 337.00-нысаннан және Өкілдіктің қызметкерлері туралы мәліметтер (Тізілімге қосымша) 337.01-нысаннан (бұдан әрі - 337.01-нысан) тұрады.

2. 337.01-нысан Өкілдіктің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерінің (бұдан әрі - қызметкер) шотына алған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша қосылған құн салығын қайтаруды жүзеге асырғанда толтырылады.

3. Тізілімді толтыру кезінде:

1) қағаз тасығышта - қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілерімен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық түрде - магнитті тасығышта, оған Өкілдіктің уәкілетті тұлғасы қол қойған, қолдан, болмаса баспа құрылғысымен толтырылған, немесе тиісті бағдарламалық қамтамсыз етуді қолданумен принтерде басып шығарған кара-ақ гаммадағы қағаз тасығыштағы Тізілім қоса беріледі.

4. Тізілімді толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер жоқ болған кезде Тізілімнің тиісті торкөздері толтырылмайды.

6. Тізілімге Өкілдіктің уәкілетті тұлғасы қол қояды және мөрмен куәландырылады.

2. 337.00-нысанын толтыру

7. "Өкілдік туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) салық төлеуші-Өкілдіктің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 337.00-нысанды толтырылатын кезең. Тоқсан тоқсанның реттік нөміріне сәйкес келетін араб сандарымен көрсетіледі;

3) Өкілдік атауы ;

4) банк деректемелері, соның ішінде салық төлеуші-банкнің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру коды (ЖКС) мен банкнің сәйкестендіру коды (БСК) және банк атауы ;

5) жиынтық ведомосының (тізілімнің) түрі - кезекті немесе қосымша - тиісті торкөзде белгі қойылады.

8. "Алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінде :

А бағанында - жолдың рет нөмірі;
В бағанында - тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізушінің
тіркеу нөмірі;
С бағанында - алу құжатының нөмірі;
D бағанында - алу құжатының берілген күні;
Е бағанында - төлеу үшін құжатының нөмірі;
F бағанында - төлеу үшін құжатының күні;
G бағанында - қосылған құн салығынсыз алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) сомасы;
H бағанында - қайтаруға көрсетілген қосылған құн салығының сомасы;
I бағанында - Өкілдіктің шотына қайтаруға тиісті қосылған құн салығының
сомасы;
J бағанында - Өкілдік қызметкерінің шотына қайтаруға тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

3. 337.01-нысанын толтыру

9. 337.01-нысан қосылған құн салығын қайтару оның шотына жүргізілетін Өкілдік қызметкері туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

10. "Өкілдік туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

- 1) салық төлеуші-Өкілдіктің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 2) 337.00-нысанды толтырылатын кезең. Тоқсан тоқсанның реттік нөміріне сәйкес келетін араб сандарымен көрсетіледі;
- 3) Өкілдіктің атауы.

11. "ҚҚС қайтару жүргізілетін Өкілдік қызметкері туралы мәліметтер" бөлімінде:

А бағанында - жолдың рет нөмірі;
В бағанында - Өкілдік қызметкерінің (жұмыскерінің) тіркеу нөмірі;
С бағанында - Өкілдік қызметкерінің (жұмыскерінің) аты-жөні, тегі;
D бағанында - Өкілдік қызметкеріне (жұмыскеріне) шот ашқан салық төлеуші-банктің тіркеу нөмірі;
Е бағанында - Өкілдік қызметкеріне (жұмыскеріне) шот ашқан банктің атауы;

F бағанында - Өкілдік қызметкеріне (жұмыскеріне) шот ашқан банктің жеке сәйкестендіру коды;

G бағанында - Өкілдік қызметкеріне (жұмыскеріне) шот ашқан банктің сәйкестендіру коды;

H бағанында - қайтару тәсілі:
қайтару, егер Өкілдік қызметкерінің (жұмыскерінің) дербес шотына жүргізілсе - "1" белгісімен белгіленеді;
қайтару, егер Өкілдік қызметкерінің (жұмыскерінің) дебет карточкасына

жүргізілсе - "2" белгісімен белгіленеді;

I бағанында - Өкілдік қызметкерінің (жұмыскерінің) дербес шот нөмірі немесе дебет карточкасының нөмірі;

J бағанында - қайтаруға тиісті қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

12. 337.01-нысанның J бағанының жиынтық шамасы Тізілімнің J бағанына көшіріледі.

Нысан 337.00

Қазақстан Республикасында тіркелген
дипломатиялық және оларға теңестірілген
өкілдіктердің жиындық ведомосты (тізілім)

(қағаз мәтінді қараңыз)

Нысан 337.01

Өкілдік персоналы туралы мәліметтер
(Тізілімге қосымша)

(қағаз мәтінді қараңыз)